

"Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қантардағы № 29 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № 42 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2022 жылғы 22 ақпанда № 26884 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қантардағы № 29 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 10357 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, "Телерадио хабарларын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

A. Умаров

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрі
2022 жылғы 17 актандығы
№ 42 Бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндеттін
атқарушының
2015 жылғы 20 қантардағы
№ 29 бұйрығымен
бекітілген

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

P/c №	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	Телекоммуникация саласында бейінді жоғары, техникалық немесе кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық тәжірибесі бар инженерлік-техникалық мамандардың жалпы санының кемінде уштеп бірі	Телекоммуникациялар саласында бейінді жоғары, техникалық немесе кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық тәжірибесі бар қызметкерлер, оның ішінде инженерлік-техникалық мамандар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес)	
		Телерадио хабарларын тарату саласындағы	

2.	Телерадио хабарларын тарату саласындағы колданыстағы стандарттарға сәйкес телевизорлар, радиоарналар хабарларының техникалық сапасын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер	колданыстағы стандарттарға сәйкес телевизорлар, радиоарналар хабарларының техникалық сапасын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес)	
3.	Төтенше жағдайлар кезінде халықты құлақтандыруды үйымдастыруға арналған техникалық мүмкіндіктер	Төтенше жағдайлар кезінде халықты құлақтандыруды үйымдастыру схемасы	Схема еркін нысанда жасалған схема
4.	Төтенше жағдайлар кезінде халықты құлақтандыруды үйымдастыру жөніндегі міндеттемелер	Төтенше жағдайлар кезінде халықты құлақтандыруды үйымдастыру жөніндегі міндеттемені қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес)	
5.	Телерадио хабарларын тарату желісін	<p>1) телерадио хабарларын тарату желісін (эфирлік, кабельдік /спутниктік желілер үшін) үйымдастыру схемасы;</p> <p>2) спутниктік оператор ұсынған қабылдау-тарату спутниктік станциялардың қабылдау-тарату желісінде пайдаланылатын трансмиссиялық жоспарлар (спутниктік байланыс арналарын пайдаланған жағдайда);</p> <p>3) мыналар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны:</p> <p>құрылатын желінің атауы (эфирлік, кабельдік, спутниктік, телекоммуникациялар желісі бойынша);</p> <p>хабар тарату қамтылған аумақ;</p> <p>пайдаланылатын стандарттардагы желінің түрі;</p>	<p>1) Еркін нысанда жасалған схема</p> <p>2) Спутниктік ғарыштық аппарат иесінің</p>

	ұйымдастыруға арналған техникалық мүмкіндіктер	даму кезеңдері бойынша таратылатын теле-, радиоарналардың тізбесі (тізбесі және қысқаша сипаттамалары); шартты қол жеткізу жүйелері (оларды пайдаланған жағдайда); пайдаланылатын спутниктік ресурстың қолда бар жиіліктер белдеуі, мөлшері (спутниктік байланыс арналарын пайдаланған жағдайда); арнаның орташа ақпараттық жылдамдығы (спутниктік байланыс арналарын пайдаланған жағдайда); спутниктік жүйенің энергетикалық сипаттамалары (спутниктік байланыс арналарын пайдаланған жағдайда) (осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес)	пайдаланылатын спутниктік ресурсқа беретін жоспары.
6.	Құқық иеленуші теле-, радиокомпаниялармен (көп бағдарламалық хабар тарату үшін) теле-, радиоарналарды ретрансляциялауға арналған алдын ала шарттар	Құқық иеленуші теле-, радиокомпаниялармен теле-, радиоарналарды ретрансляциялауға арналған алдын ала шарттардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес)	
7.	Техникалық құралдарды, әкімшілік-басқару персоналының орналастыруға және пайдалануға, халыққа қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар мен алаңдар	Техникалық құралдарды, әкімшілік-басқару персоналының орналастыруға және пайдалануға, халыққа қызмет көрсетуге арналған үй-жайдың және алаңның болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес)	

8.	<p>Бақылау-өлшеу және сынақ жұмыстарын жүргізуге арналған өлшеу құралдары және сынақ жабдығы</p> <p>Метрологиялық сипаттамалары көрсетілген қолданылатын өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтарының тізбесі және оларды тексеруді немесе метрологиялық аттестаттауды растайтын құжаттар (сертификаттардың көшірмелері).</p> <p>Телекоммуникациялар желісін пайдалана отырып, қызметтер ұсынылған жағдайда өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтарының болуы талап етілмейді.</p>
----	---

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымша

Нысан

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын

біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестік

туралы мәліметтер нысаны:

1. Қызметкерлер саны:

инженерлік-техникалық мамандар _____;

мамандық бойынша жұмыс өтілі _____;

1 жылға дейін _____;

1 жылдан астам _____

2. Қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер: трансляцияның техникалық сапасы:

иә/жоқ; төтенше жағдайлар кезінде халықты хабардар етуді ұйымдастыру: иә/жоқ.

3. Техникалық мәліметтер:

1) құрылатын желінің атаяу: эфирлік/ кабельдік/ спутниктік/ телекоммуникациялар желісі бойынша;

2) хабарламамен қамту аумағы _____;

3) желі типі _____;

стандарт атаяу _____;

стандарт нөмірі _____;

4) таратылатын теле-, радио арналарының тізімі; даму кезеңдері бойынша тізбе _____;

қысқаша сипаттама _____;

5) шартты қолжетімділік жүйесі пайдаланған жағдайда _____;

6) желіні басқару және пайдалану жүйесін ұйымдастыру қағидаттары _____;

7) желінің сыйымдылығы және/немесе қосылушылар саны;

көлемі _____ МГц;

қосылушылар саны _____;

8) басқа да телерадио хабарларын тарату және байланыс желілерімен өзара іс-қимылы:

шарттың нөмірі _____ (оның ішінде басқа ТВ операторларынан телеарналар

сигналын қабылдау);

шарттың жасалған күні _____;

шарт кіммен жасалды (занды және жеке тұлғаның атауы) _____;

9) нақты техникалық құралдарды көрсете отырып станцияаралық байланыстарды ұйымдастыру тәсілі:

жеке меншік техникалық құралдар бойынша _____;

басқа желілердің жалға алғынған арналары бойынша _____;

шарттың нөмірі _____;

шарттың жасалған күні _____;

шарт кіммен жасалды (занды және жеке тұлғаның атауы) _____;

10) өтініш берушінің желісін басқа операторлардың желісіне қосуды ұйымдастыру тәсілі:

шарттың нөмірі _____;

шарттың жасалған күні _____;

шарт кіммен жасалды (занды және жеке тұлғаның атауы) _____;

11) жиілік алуға қажетті жабдықтың атауы (эфирлік/кабельдік/спутниктік желілер) _____;

12) бас станцияға таратылатын теле-, радиоарналарды жеткізу көздері мен тәсілдері _____;

студияның орналасқан орны _____;

пайдаланылатын желінің типі _____;

13) жердің жасанды спутниктері (спутниктік байланыс арналарын пайдаланған жағдайда) (эфирлік/кабельдік/ спутниктік желілер үшін):

атауы _____;

тиесілігі _____;

орналасқан орны _____;

қызмет көрсету аумағы _____;

жиіліктің орналасқан белдеуі _____;

арнаның жылдамдығы _____;

спутниктік жүйенің энергетикалық сипаттамасы _____

4. Ретрансляциялауға алдын ала жасалған шарттардың болуы: шарттың нөмірі _____;

жасалған күні _____;

шарт кіммен жасалды (занды және жеке тұлғаның атауы) _____

5. Үй -жайлар мен аландардың болуы: жеке меншік аландар _____;

аландар саны _____;

жалға алынған аландар _____;

алаңдар саны _____;

шарттың нөмірі _____;

шарттың жасалған күні _____;

шарт кіммен жасалды _____.